ҚР Ауыл шаруашылығы Министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы Комитеті

«Батыс- Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» ММ

№ 3 экскурсиялық бағыттың

# ПАСПОРТЫ

## « Заповедные дали »
## ғылыми-танымдылық соқпағы



«Келісілді»
**Шығыс Қазақстан облыстық**
**орман және аңшылық шаруашылығы**
**аумақтық инспекциясы**
**_____________ А.Г. Калмыков**
**«___» «__________» 20___ ж.**

«Бекітемін»
**ҚР АШМ Орман және аңшылық**
**шаруашылығы Комитетінің**
**төрағасы**
**_______________Е.Н. Нысанбаев**
**«_3_» «_марта_» 20_10_ ж.**

**Паспорт 2010ж құрастырылды**

1. ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы Комитетіне
2. ШҚ аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасына
   Паспорт экземплярлары жіберілді:

Риддер қ.
2010 ж.

# Карта эколого - просветительских маршрутов ГУ „Западно - Алтайского государственного природного заповедника”



# « Заповедные дали »
# ғылыми-танымдылық соқпағы
# Экскурсиялық бағыттың
# ПАСПОРТЫ

1. **ЕҚТА атауы:** Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы. ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы Комитеті
2. **Бағыттың аты:** «Заповедные дали».
3. **Бағыт классификациясы:**
   - 4.1. **бағыттың белгісі:** Ғылыми- танымдылық;
   - 4.2. **бағыттың түрі:** аралас (автомобильді -жаяу);
   - 4.3. **бағыттың құрамы:** топтық
   - 4.4. **бағыттың жұмыс істеу уақыты:** мерзімдік
4. **Бағыттың жолы:** Риддер қ.– «Риддер – РФ шекарасы» автожолы– «Белая Уба» кордоны- Линейский асуы– Панорама (1976,0) шыңы– «Белая Уба» кордоны- Риддер қ.
5. **Бағыттың ұзақтығы:**

   Жалпы– 111,1 км, соның ішінде.:
   Көлікпен жүретін бөлігі - 106 км,
   Жаяу жүретін бөлігі - 5,1 км

**Уақыты:** 1 күн, 6 - 7 сағат ( жаяу жүретін бөлігі - 3-5 сағат; көлікпен жүретін бөлігі - 2,5 сағат, демалатын уақыт – 1 сағат)

6. **Бағыттың жұмыс істейтін уақыты:** маусым- қыркүйек (бастапқы және соңғы жұмыс істейтін уақыттар ауа райына байланысты өзгеруі мүмкін).
7. **Топтағы экскурсанттар саны:** 5-7 адам.
8. **Бағыттың өткізу қабілеті жағдайы (рекреациялық салмақ):** аптасына 5 топтан көп емес;
9. **Бағытта жалғыз жүру мумкіндігі:** тек қорық қызметкерімен бірге;

   Қажетті құрал-жабдықтар мен саймандар:

   *жеке басында* – жылы киім, төзімді, берік аяқ киім, жаңбырға арналған жамылғы, ыдыс аяқ, жәндіктерге, шыбын-шіркейге қарсы құралдар.

   *арнайы* – дүрбілер
10. **Экскурсия кезінде жүру тәртібі:**

Табиғи ортаны қорғау мақсатында экскурсия кезінде келесілерге тиым салынады:

- экскурсовод көрсеткен бекітілген бағыттың жан-жағына шығуға;
- қатты дыбыстар, дауыстар шығаруға;
- өсімдіктерді жұлмау; ағаштар мен бұтақтарды кесуге;
- сувенир ретінде әдемі тастар мен ағаштарды алып шығуға т.б;
- тастар мен ағаш діңдеріне сурет салып, жазу жазуға;
- арнайы емес жерлерде темекі тартуға және ошақ жағуға;
- тамақ және тұрмыстық қалдықтарды қалтыруға;
- түсініксіз жағдай немесе сұрақтар болса, экскурсоводтан сұрауға болады

11. **Қауіпсіздік шаралары:** экскурсия кезінде экскурсанттар келесі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтаулары қажет:
    - топтан бөлектенбеу;
    - аялдама кезінде жүргізушінің рұқсатынсыз көліктен ұзап кетпеу;
    - қарсы жолға шықпау;
    - аялдама кезінде, шолу алаңдарында көрсетілген аймақтар мен шек қойылған жерлердің сыртына шықпау;
    - өрт қауіпсіздік шараларын ұстану;
    - жеке бас қауіпсіздігі мен санитарлық ережелерді ұстану;
    - экскурсоводтың көрсеткен нұсқауларын қатаң сақтау;

12. **Бағыттың сызба- жоспары:**

| № | Бағытқа қатысушылар |  | км | Жүру уақыты | Аялдама уақыты | Аялдама орны |
|---|---|---|---|---|---|---|
|  | бастап | дейін |  |  |  |  |
| **Көлікпен жүретін бөлігі** |  |  |  |  |  |  |
|  | Риддер қ. | ур. Серый Луг | 33 | 1 сағат | 10 мин | ОП-1 |
|  | ур. Серый Луг | Палевская Разливанка өз. | 7 | 15 мин | 10 мин | ОП-2 |
|  | Палевская Разливанка өз. | «Белая Уба» кордоны | 5 | 10 мин | 45 мин | ОП-3 |
|  | «Белая Уба» кордоны | Линейский асуы | 8 | 30 мин | 30 мин +30мин | ОП-4 |
| Барлығы: |  |  | 53 | 1 сағат 55 мин | 1 сағат 35 мин |  |
| **Жаяу жүретін бөлігі** |  |  |  |  |  |  |
|  | Линейский асуы | «Бастион» (1854,8) жартасты тізбегі | 0,92 | 40 мин | 30 мин +30 мин | ОП-5, ОП-6, ОП-7 |
|  | «Бастион» жартасты тізбегі | Панорама шыңы | 1,63 | 40 мин | 50 мин +1 сағат | ОП-8, ОП-9 |
|  | Панорама шыңы (1976,0) | «Бастион» жартасты тізбегі | 1,63 | 35 мин | 20 мин |  |
|  | «Бастион» жартасты тізбегі | Линейский асуы | 0,92 | 30 мин | 20 мин |  |
| Барлығы: |  |  | 5,1 | 2 сағат 25 мин | 3 сағат 30 мин |  |
| **Көлікпен жүретін бөлігі** |  |  |  |  |  |  |
|  | Линейский асуы | «Белая Уба» кордоны | 8 | 15 мин | 15 мин |  |
|  | «Белая Уба» кордоны | Риддер қ. | 45 | 1 сағат 30 мин |  |  |
| Барлығы: |  |  | 53 | 1 сағат 45 мин | 15 мин |  |
| Барлығы: көлік жаяу |  |  | 106 5,1 | 6 сағат 5 мин | 5 сағат 20 мин |  |

13. **Экскурсиялық бағыттың қысқаша сипаттамасы:**

Бағыттың жөнелу нүктесімен қатысушылардың жиналу орны- Риддер қаласында орналасқан Батыс- Алтай мемлекеттік табиғи қорығының әкімшілік ғимараты.

Бағыттың транспорттық бөлігі «Риддер қ,– РФ шекарасы» автожолы бойымен өтеді. Қала сыртынан Линейский асуына дейін (1606 т.д.м.б) жол тас жамылғымен жамылған, қозғалыс жолағының ені 12м, және орташа ылғалдылығы 12 %- ке дейін өрлер мен еңістерден тұрады. Автожол Ивановский қыратының солтүстік беткейінің етегінен шығысқа қарай қыраттың ылдиларынан ағып жатқан көптеген тау бұлақтары мен өзендерін басып өтеді. Қозғалыс кезінде $ША_1$ және $ША_2$ шолу алаңдарында аз уақытқа аялдамалар жасалады.

«Белая Уба» ТӨБ кордонында қорыққа кіруге рұқсат құжаттарын тіркеу және рәсімдеу өткізіледі. Осы жерде $ША_3$ шолу алаңы орналасқан.

«Белая Уба» кордонынан бастап, Линейчиха өзені аңғарының сол жағалауымен қылқанжапырақты орманмен қамтылған Линейский қыратының тік келетін өрлері басталып, Линейский асуына дейін барады. Асудан ары 300м жол бойында көлік тоқтайтын алаңқай бар. Осы жерде-$ША_4$ шолу алаңы.

Линейский асуынан бастап, бағыттың жаяу жүретін бөлігі басталады. Бағыттың жаяу жүретін бөлігі – ғылыми- танымдылық соқпағымен басталады. Соқпақ Панорама шыңы жартас қалдықтарының бойында аяқталады. Қайта оралу – Линейский асуына барған жолмен қайту.

Риддер қаласына оралу- «Белая Уба» кордонына аялдама жасау арқылы кері қайту.

14. **Соқпақтағы көрсетілетін нысандар мен шолу алаңдарының қысқаша сипаттамасы:**

Соқпақ бойынша қозғалыс Линейский асуындағы ақпараттық тақтадан басталады. Соқпақ «Бастион» жартасты тізбегіне тіктігі 20° болатын балқарағай орманмен жамылған өрмен жоғарыға қарай көтеріледі.

Көтерілу жолында $ША_5$, $ША_6$ шолу алаңдары орналасқан.

«Бастион» жартас тізбегіне шығу қалдықтар арасындағы «Ворота Бастиона» жартасты өткел арқылы іске асады. Бұл жерде $ША_8$ Ары қарай соқпақ бұлақ арнасының бойымен жоғары өтіп, су жиналатын шағын жыра арқылы және шағын келген тасты тізбекпен Панорама шыңының тегістелген ашық бөлігіне шығады. Оның орталық бөлігінен екі үлкен жартас қалдығы ең үлкен биіктіктен көрінеді. Осы екеуінің біреуіне триангуляциялық бекет пирамидасы орналасқан. Осы жерде қалдық шыңында $ША_9$ шолу алаңы мен бағыт соқпағының соңғы нүктелері орналасқан.

«Ворота Бастиона» қақпасы мен Линейский асуына түсу- барған жол арқылы.

<u>**ША–1**</u> - (жолдың 157 км-і) бөктерге көтерілетін өрдің алдында, жолдың бұрылысындағы Серый Луг шатқалында орналасқан. Иванавский қыратының биік бөлігін шолу. Батыс-Алтайдың ең биік шыңы- Ворошилов шыңы. (т.д. 2776м биіктіктегі -Выше- Ивановский қарлы шыңы)

*Ақпарат*: аймақтың орографиялық және гидрографиялық жүйесі; Ивановский қыратының сипаттамасы; Уба өзенінің бассейні; осы ауданның шаруашылық қызметі; бұзылған табиғи кешендердің қалпына келуі; табиғи кешендерді шаруашылықта тиімді пайдалану және орманды қалпына келтіру әдістері.

<u>**ША-2**</u> - (жолдың 164 км-і) беткеймен жоғары қарай, жолдан 50м солға бөктердің жолында Алешков Ключ өзенінен 400м қашықтықта орналасқан.

*Ақпарат*: Батыс-Алтайдағы табиғи кешендерінің жоғары аймақтардағы құрылымы.

Палевая Яма шатқалы ауданындағы қорық аумағының батыс шекарасын көрсету.

<u>**ША–3**</u> - (жолдың 169 км-і) «Белая Уба» кордоны ауданында орналасқан.

*Ақпарат*: қорық аумағының табиғи ерекшеліктері природные; қорықтың құрылу тарихы; ЕҚТА- ның мақсаты мен міндеттері; қорық қызметі мен бөлімдерінің жұмыстары.

БАМТҚ аумағының карта-сызбасын көрсету, күзет қызметі жұмысшыларының жұмыс және тұрмыс жағдайлары

<u>**ША–4**</u> - (жолдың 177 км-і) «Линейский» (1603 м) асуында орналасқан.

*Ақпарат*: орта таулардың табиғи кешендері; қорық аумағы және Линейский қыратының геологиялық құрылымы; Ақ және Қара Уба бассейндерін, аңғарларын шолу; орман аймағының өсімдіктер әлемі

<u>**ША–5**</u> - таулы-тайгалық аймақ, қылқанжапырақты (балқарағайлы) тайганың қабаты.

*Ақпарат:* балқарағайлы биоценоздардың таралу ерекшеліктері мен дамуы және тіршілік әрекеттері.

**ША–6** - тасты жерлер.
*Ақпарат:* таудың бұзылу процесстері мен рельефтің түзілуі.

**ША–7** - «Ворота Бастиона».
*Ақпарат:* рельефтің геоморфологиялық ерекшеліктері; Линейский қыратының батыс беткейлерінің орографиялық және гидрографиялық жүйелерінің құрылымы, олардың ерекшеліктері, тау жыныстарының мүжілуінің физикалық және химиялық процесстері; сирек және жойылып бара жатқан өсімдік түрлері;

**ША–8** - жартас тізбегінің аяқталуы; таулы-орманды субальпалы белдеу.
*Ақпарат:* субальпалық өсімдіктердің құрылу ерекшеліктері және дамуы; қорықтың жануарлар әлемі.
*Бақылаулар:* Алтай шаңқылдағының, аюдың тіршілік әрекеттері.

**ША–9** - Панорама шыңы.
*Ақпарат:* Қорық аумағының орографиялық құрылымы, қорықтың табиғи нысандары.

15. Техникалық қиын жерлер соқпақ бойында кездеспейді.

**16. Апат тудыратын құбылыс тууы және бұл жағдайда экскурсиялық топтың әрекеті:**

Апаттық құбылыстарға негізінен осы аймақта жиі орын алатын жаңбыр, бұршақ пен қар түрінде өте көп мөлшерде ылғалдың түсуі, 20-30м қашықтықта күннің тұмандануы, ұйытқыған желдің соғуы, найзағай түсу секілді құбылыстарды жатқызуға болады.
**Топтың әрекеті:**
**Найзағай кезінде**: орманды жерде – бір-бірінен бірнеше метр жерлерге бөлініп орналасу; Ашық алаңдарда – биік, көтеріңкі жерлерден алыс тұру және жүрісті тоқтатып, мүмкіндігінше құрғақ жерлерге бөлініп орналасу.
**Тұман басқан жағдайда** соқпақтың таңба белгілерін сақтап, бір ортақ топқа жиналып жүру.

17. **Ақпараттық беттегі мәтінге арналған ұсыныстар**.

«Заповедные дали» бағыты әр түрлі жастағы адамдар тобына (мектеп оқушылары, студенттер, үлкен адамдар) арналған аралас, автомобильді-жаяу бағыт, сондықтан экологиялық туризмді дамытудың тиімді тәсілі болып табылады.
«Заповедные дали» ғылыми-танымдылық бағытымен экскурсия, азғана уақыт ішінде және бірнеше метр жер аралығында Батыс Алтайдың табиғи ерекшеліктері туралы мол ақпарат алуға, негізгі табиғи кешендері мен нысандарымен танысуға мүмкіндік береді.
***Экскурсияның мазмұнының негізгі тақырыптық аспекттері:***
- ❖ Батыс-Алтай ауданының табиғи ерекшеліктері.
- ❖ БАМТҚ аумағындағы табиғи кешендер мен нысандар.
- ❖ Құрылу тарихы, қорықтың мақсаты мен міндеттері, БАМТҚ бөлімдері қызметінің мазмұны; акмақтың шекарасы.
- ❖ Жануарлар мен өсімдіктер әлемінің нысандары.

Экскурсия бару үшін қатысушылардың дайындығы мен жас ерекшеліктеріне шек қойылмайды, сонымен қатар, жекелей және топпен баруға болады.

**Қажетті құрал-жабдықтар мен саймандар:**

Экскурсияға қатысушыларда келесі құралдар болуы қажет**:**

*жеке басында* – жылы киім, төзімді, берік аяқ киім, жаңбырға арналған жамылғы, ыдыс аяқ, жәндіктеоге қарсы құралдар.

*топтық* – отқа тамақ пісіруге арналған арнайы ыдыс, тұрмыстық қалдықтарға арналған қаптар.

*арнайы* – дүрбілер

Экскурсиялық топты басқарушы және экскурсияға қатысушылар қорықтың табиғи кешендері мен нысандарын ерекше қорғаудағы ережелерді қатаң сақтаулары қажет.
**Экскурсияға қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:** автожолды көтеру, тауға шыққанда ауа райына байланысты қолайлы киім және аяқ киімнің болуы, шағатын жәндіктерге (кенеге) қарсы қолданатын құралдардың болуы.

**18. Соқпақты орналастыру:**

**Таңбалау –** бағыттың соқпағы ағаштар мен тастарға сырмен таңбаланған. .

**Тұрақтау және паналау орындары –** тұрақтау орындары Линейский асуы мен «Белая Уба» кордонында орналасқан. Шатырлармен, тамақ ішу, темекі шегу орындарымен, дәретханалармен, тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлермен жабдықталған.

**Шолу алаңдарын орналастыру:**

1, 2 Шолу алаңдары –қорық аумағынан тыс автожол бойында орналасқан, қысқа уақытқа аялдама жасауға арналған, сондықтан арнайы құрылмаған, безендірілмеген және көрсетілмеген.

3 Шолу алаңы - «Белая Уба» кордоны аумағында орналасқан, ауыз су алатын орын, дәретхана, шатыр бар. Кордонда ақпараттық және ескерту аншлагтары, қорық аумағының карта-сызбасы бар.

4 Шолу алаңы –Жолдан бұрылу қалташалары бар, қалдықтарға арналған контейнер, дәретхана, ауыз су алу орны және темекі шегу орны орналастырылған.

7-9 Шолу алаңдары Соқпақ жолының бойында орналасқан. Ақпараттық аншлагтармен және көрсеткіш тақташалармен жабдықталған.

19. **Бағыт бойынша негізгі экскурсиялық ақпараттардың тізімі:**

1. Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының орографиясы мен гидрографиясы.
2. Батыс-Алтай қорығы – Батыс-Алтайдың табиғи кешендерінің эталоны (Батыс-Алтайдың және қорықтың табиғи кешендері мен ерекшеліктеріне сипаттама).
3. Автожол бойындағы қорықтың негізгі табиғи кешендері мен нысандарын көрсету және ақпараттандыру.
4. Қорықтың құрылу тарихы, Батыс-Алтайдың табиғи кешендері мен нысандарын сақтаудағы міндеттер мен мәселелер, қорық бөлімдерінің қызметі туралы ақпарат.
5. Дәл сол жерде қорықтың аумағы мен шекарасын көрсету
6. Қорық қызметкерлерінің жұмыстарының ерекшелігімен және тұрмысымен танысу.
7. Қорықта флора мен фаунаның негізгі қорғалатын түрлері, экология мен биологияның ерекшеліктері.
8. Қорық аумағында жүріп- тұру ережесі және экологиялық этика.

20. **Мемлекеттік табиғи қорықтағы ғылыми-техникалық кеңестің шешімі:**

«Заповедные дали» ғылыми-танымдылық соқпағының жолын ғылым, ақпарат және мониторинг және экологиялық ағарту және туризм бөлімдерінің қызметкерлері бірігіп өткізген экспедициялық зерттеуінің есеп беруіне сәйкес, Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының ғылыми-техникалық кеңесі шешім шығарды:

Аталған бағыт экологиялық ағартудың мақсатына сәйкес келеді, қорықтың табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Батыс Алтай аймағының табиғи ерекшеліктерін сипаттайтын әртүрлі тақырыптық бағыттағы экскурсияларды өткізу үшін ақпараттық, оқу- ағартушылық болып табылады.

Бағыттың көлікпен жүру бөлігі «Риддер қ.– РФ шекарасы» автожолы бойымен өтеді. Жаяу жүретін бөлігі телімдердің ескі жолдар бойымен 0,5м болып өтеді де, өсімдіктердің сирек түрлерінің ареалдарын қамтиды. Шолу алаңдары өсімдіктердің сирек түрлерінің өскен жерлері қауіпсіз қашықтықта қалатындай, эрозияға тұрақты телімдерде орналасқан. Қорық аумағының табиғи кешендерінің бұзылуына ықпал етпейді.

Қорық тәртібін сақтау және табиғи кешендерде өте аз түрде рекреациялық әсер ету келесідегідей қамтамасыз етіледі:

- Топырақты шөптесін өсімдіктер жамылғыларына кері әсер етпейтін жергілікті телімдер мен ескі соқпақтарды пайдалану;
- Бағыт соқпақтарында бұрылуды, еркін қозғалысқа тиым салу;
- Қорық қызметкерлері тарапынан туристерді үнемі бақылау және ертуді іске асыру;
- Ерекше бағалы экологиялық жүйелер мен нысандар кірмейтін телімдерде тұрақтау орындары мен демалу орындарын құру және бекіту;

- Қорықтың табиғи кешендерінің компоненттері мен табиғи нысандарын пайдалануға тиым салу;
- Соқпақтың өткізу мүмкіншілігін аптасына 5 топ және сан жағынан алғанда 1 топта 7 адамға дейін шектеу;

Бұл соқпақ пайдалануға жоғары басқару органдары мен жоспарланған таңбалау мен құру жұмыстарын өткізіп, келісілгеннен кейін ғана пайдалануға беріледі.

Бағыт Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімімен құрылды.

Бағытты құрған және паспортты дайындаған- Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағарту және туризм бөлімінің қызметкерлері.

21. Паспорт 2010 жылы құрастырылды.

М.О.

БАМТҚ директорының қолы